



Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және агроенеркесіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заны 2015 жылғы 27 қарашадағы № 424-V ҚРЗ

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**Осы Заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз.**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше белім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 11, 61, 69-құжаттар; № 14, 84-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 42, 45-құжаттар; № 13, 68-құжат; № 15, 78-құжат; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол-көлік инфрақұрылымын, көліктік логистиканы және авиаатасымалды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда үйіміна кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны):

1012-бап мынадай редакцияда жазылсын:

**«1012-бап. Селекциялық жетістіктерді пайдалануға жіберу**

Құқықтық қорғау берілген (патенті бар) селекциялық жетістіктер пайдалануға жіберіледі.».

2. 2008 жылғы 10 желтоқсандағы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., № 22-I, 22-II, 112-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 74-құжат; № 17, 82-құжат; № 18, 84-құжат; № 23, 100-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 29-құжаттар; № 11, 58-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; № 22, 130, 132-құжаттар; № 24, 145, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 21, 25-құжаттар; № 4, 37-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 15, 120-құжат; № 16, 128-құжат; № 20, 151-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 11, 15-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 43, 44-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-

құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 7, 10-құжаттар; № 3, 15-құжат; № 4, 21-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат; № 21-22, 114, 115-құжаттар; № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат; № 4-5, 24-құжат; № 7, 37-құжат; № 8, 44, 49-құжаттар; № 10, 52-құжат; № 11, 63, 64, 65, 69-құжаттар; № 12, 82-құжат; № 14, 84-құжат; № 16, 90-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128, 131-құжаттар; № 23, 143-құжат; № 24, 145-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 11, 52-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол-көлік инфрақұрылымын, көліктік логистиканы және авиатасымалды дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны):

156-баптың 1-тармағының 13-1) тармақшасының үшінші және отзынышы абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«тірі ірі қара мал;»;

«Осы тармақшаны қолдану мақсатында өнім түрлерін айқындау (осы тармақшаның үшінші абзацында көрсетілген өнім түрінен басқа) техникалық реттеу саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыйнаптауышына сәйкес жүзеге асырылады;».

3. 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., № 18-I, 18-II, 92-құжат; № 21, 122-құжат; № 23, 143-құжат; № 24, 145, 146-құжаттар; 2015 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 6-құжат; № 7, 33-құжат; № 8, 44, 45-құжаттар; № 9, 46-құжат; № 10, 50-құжат; № 11, 52-құжат; № 14, 71-құжат; № 15, 78-құжат; № 16, 79-құжат; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны; 2015 жылғы 29 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Дүниежүзілік сауда үйимына кіруге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 27 қазандағы Қазақстан Республикасының Заны):

1) мазмұнында:

22-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«22-тарау. Өсімдіктерді қорғау мен өсімдіктер карантині, астық нарығы мен астықты сақтау, мақта саласы, тұқым шаруашылығы және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалау, асыл тұқымды мал шаруашылығы, органикалық өнім өндіру, сондай-ақ азық-тұлік тауарларының өнірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар»;

мынадай мазмұндағы 408-1-баптың тақырыбымен толықтырылсын:

«408-1-бап. Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасын бұзу»;

2) 22-тараудың тақырыбындағы «және асыл тұқымды мал шаруашылығы» деген сөздер «, асыл тұқымды мал шаруашылығы, органикалық өнім өндіру» деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 402-баптың бірінші бөлігінің 2) және 3) тармақшалары алып тасталсын;

4) 407-баптың бірінші бөлігінде:

1), 2) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жеке және заңды тұлғалардың бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуі;

2) жеке және заңды тұлғалардың асыл тұқымдық куәлік бермей асыл тұқымдық өнімді (материалды) өткізуі;»;

«6) жеке және заңды тұлғалардың бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген аஸыл тұқымды мәлдарды өсімін молайту мақсатында пайдалануы;»;

7) тармақшадағы «бағалау нәтижелерін бұрмалауы» деген сөздер «бонитирлеу (бағалау) нәтижелерін бұрмалауы түрінде жасалған бұзушылық –» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

5) мынадай мазмұндағы 408-1-баппен толықтырылсын:

**«408-1-бап. Қазақстан Республикасының органикалық өнім**

**өндіру саласындағы заңнамасын бұзу**

1. Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін органикалық өнімді шығару және өткізу түрінде жасалған, Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасын бұзу –

жеке тұлғаларға – отыз, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес үйымдарға – алпыс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекет (әрекетсіздік) –

жеке тұлғаларға – қырық бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес үйымдарға – бір жұз жиырма, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жұз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – төрт жұз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

6) 701-бап «358,» деген цифrlардан кейін «408-1,» деген цифrlармен толықтырылсын;

7) 729-баптың бірінші бөлігі «405 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «408-1,» деген цифrlармен толықтырылсын;

8) 804-баптың бірінші бөлігінде:

22) тармақша «314,» деген цифrlардан кейін «408-1,» деген цифrlармен толықтырылсын;

50) тармақша «404 (тоғызыншы бөлігі),» деген сөздерден кейін «408-1,» деген цифrlармен толықтырылсын.

4. «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 16, 220-құжат; 2001 ж., № 23, 318-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2008 ж., № 15-16, 60-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 10, 52-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «рұқсат етілген» деген сөздер «ұсынылатын» деген сөзben ауыстырылсын;

2) 1-бапта:

3) тармақша алып тасталсын;

4), 7) және 8) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«4) асыл тұқымдық куәлік – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен республикалық палата беретін, асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) тұқым-тегін, өнімділігін және өзге де сапаларын растайтын құжат;»;

«7) асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген, тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал;

8) асыл тұқымды малдың жеке карточкасы – уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ресімделетін, оның шығу тегі туралы, өнімділігі және өзге де сапалары жөніндегі деректерді қамтитын, шаруашылық ішіндегі бастапқы есепке алу нысаны;»;

14) тармақша алып тасталсын;

15) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«15) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабақтар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;»;

17), 21) және 22) тармақшалар алып тасталсын;

23-1) және 23-2) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«23-1) бонитер (сыныптаушы) – бонитирлеу (бағалау) бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметтің басталғаны туралы уәкілетті органды хабардар еткен жеке тұлға;»

23-2) бонитирлеу (бағалау) – тиісті сынып немесе индекс бере отырып, шаруашылыққа пайдалы белгілер кешені (тұқымдылығы, өнімділік сапалары, сыртқы түрпаттық-бітімдік ерекшеліктері) бойынша малдардың асыл тұқымдық құндылық деңгейін айқындау;»;

мынадай мазмұндағы 23-3), 23-4) және 26-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«23-3) бірінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, тегінің кемінде үш қатары бойынша ақпараты, әкесі бойынша шығу тегінің генетикалық сараптамасы бар және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;»

23-4) екінші санаттағы асыл тұқымды ірі қара мал – тұқым стандартына сәйкес келетін, әкесі бойынша тегінің кемінде үш қатары бойынша ақпараты бар және республикалық палатада тіркелген таза тұқымды ірі қара мал;»;

«26-1) зауытшы – мал туылған кездегі оның енесінің иесі;»;

35) және 36) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

«36-1) таза тұқымды мал – бір тұқым бойынша кемінде он алтыдан он бес қан үлесі бар мал;»;

41) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«41) тұқым стандарты – республикалық палаталар бекітетін, фенотиптік және өнімділік көрсеткіштері бойынша тиісті тұқымдағы асыл тұқымды малдар үшін қойылатын ең тәменгі талаптар;»;

3) 13-бапта:

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі нұсқаулықты әзірлейді және бекітеді;»;

5), 14-1), 17) және 19) тармақшалар алып тасталсын;

26) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«26) мыналарды:

асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) әр түріне субсидиялар нормативтерін;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау тәртібін;

мал шаруашылығы салалары бойынша асыл тұқымдық өнімді (материалды) есепке алу нысандарын;

асыл тұқымдық өнімнің (материалдың) барлық түрлеріне асыл тұқымдық куәліктердің нысандарын және оларды беру (жою) тәртібін;

асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, күшін жою) тәртібін;

асыл тұқымды малдың жеке карточкасын толтыру нысаны мен тәртібін әзірлейді және бекітеді;»;

4) 14-бапта:

3) тармақшадағы «ірі қара мал тұқымдары жөніндегі» деген сөздер алып тасталсын;

6) тармақша алып тасталсын;

5) 15-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«**15-бап. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқаруышы органдарының құзыреті**

Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқаруышы органдары:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте асыл түкымды малдың мемлекеттік тіркелімін жүргізу үшін деректер жинауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқаруышы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде жүзеге асырады.»;

6) 16-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Асыл түкымды мал шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспекторлар:

1) бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардағы селекциялық және асыл түкымдық жұмыстың жай-күйін, оның есепке алынуы мен есептілігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

2) асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің, бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалардың малды күтіп-ұстау, азықтандыру, сондай-ақ асыл түкымды өнімді (материалды) сақтау жағдайларының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігін мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

3) асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілер малды бонитирлеу (бағалау) және өсімін молайту жөніндегі көрсететін қызметтердің сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

4) асыл түкымдық қуәліктерде көрсетілген деректердің анықтығын тексеруге;

5) барлық бақылау және қадағалау обьектілеріне кедергісіз баруды, Қазақстан Республикасының асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі орындау үшін міндепті нұсқамалар беруді қоса алғанда, жергілікті атқаруышы органдардың Қазақстан Республикасының асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы заңнамасын сақтауын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыруға;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген тәртіппен асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарастыруға және әкімшілік жазалар қолдануға;

7) нұсқамалар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

8) «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан асыл түкымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаларды қабылдауға құқылы.»;

7) 16-2-бапта:

2 және 3-тармақтар алып тасталсын;

4-тармақта:

бірінші бөліктің 3) тармақшасындағы «бағалау» деген сөз «бонитирлеу (бағалау)» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Хабарламаға мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) обьектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқаруышы органы бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген инфекциялық аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйенкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық эпизоотиялық бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумақшасындағы эпизоотиялық жағдай туралы

ветеринариялық анықтаманың көшірмесі;

4) өнімділігі жоғары асыл тұқымдық малдың болуын растайтын асыл тұқымдық қуәліктердің көшірмелері;

5) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында өндірістік үй-жайлар кешенінің (ауыл шаруашылығы малының тұқымдық малын құтіп-ұстауға арналған үй-жайдың, тұқымдық малдың ұрығын төменгі температурада мұздатуға және сақтауға арналған зертхананың, ветеринариялық-санитариялық тексеру өткізетін орынның, карантиндік үй-жайдың, изолятордың, зертханалық және криогендік жабдықтардың) болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері;

6) сәйкестендіру жүргізілгенін растайтын ветеринариялық паспорттардың көшірмелері;

7) селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстардың ақпараттық базасының болуын растайтын жергілікті атқарушы орган анықтамасының көшірмесі қоса беріледі.»;

5-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Хабарламаға мынадай құжаттар:

1) заңды тұлғаны (заңды тұлға үшін) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) объектіге ветеринариялық-санитариялық қорытындының және есепке алу нөмірінің берілгені туралы растаудың көшірмелері;

3) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің атқарушы органды бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген инфекциялық аурулар (туберкулез, бруцеллез, лейкоз, лептоспироз, кампилобактериоз, трихомоноз, қойдың эпидидимиті, хламидиоз, жылқының күйенкі ауруы, эпизоотиялық лимфангит) бойынша, сондай-ақ Халықаралық эпизоотиялық бюро тізіміндегі аурулар бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық жағдай туралы ветеринариялық анықтаманың көшірмесі;

4) меншік немесе ұзақ мерзімді (кемінде бес жыл) жалға алу шарты немесе лизинг шарты құқығында, стационарлық биоқоймалары бар өндірістік үй-жайларды, зертханалық және криогендік жабдықтарды қоса алғанда, материалдық-техникалық базасының болуын растайтын құқық белгілейтін құжаттардың көшірмелері қоса беріледі.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Республикалық палаталар асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы қызметтің уәкілетті органға хабарламай жүзеге асырады.»;

8) 16-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«16-3-бап. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) мемлекеттік  
есепке алу

Бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғаларға тиесілі асыл тұқымдық өнім (материал) мемлекеттік есепке алуға жатады.

Асыл тұқымды малдың саны, сапасы мен өнімділігі туралы деректер асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркеліміне малдың түрлері мен тұқымдары бойынша енгізіледі.

Асыл тұқымды малдың шығу тегі, өнімділігі және өзге де сапалары бойынша неғұрлым құндылары туралы деректер асыл тұқымдық кітапқа енгізіледі.

Асыл тұқымдық кітапқа және асыл тұқымды малдың мемлекеттік тіркеліміне енгізілген деректер мүдделі тұлғалар үшін қолжетімді болып табылады.

Малдың шығу тегін, өнімділік және өзге де сапаларын растау мақсатында жеке және заңды тұлғалар уәкілетті орган бекіткен тәртіппен және нысан бойынша асыл тұқымды малдың жеке карточкасын немесе асыл тұқымдық қуәлігін ресімдейді.»;

9) 16-5-баптың 2) тармақшасындағы «малды бағалау, оның асыл тұқымдық құндылығына баға беру және малды өз төлінен өсіру» деген сөздер «малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және олардың өсімін молайту» деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 4-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«4-тарау. Асыл тұқымдық өнімді (материалды) тану және пайдалану мен оны бонитирлеу (бағалау)»;

11) 17-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Өнім (материал) егер:

1) республикалық палата берген асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесі және асыл тұқымдық куәлігі немесе асыл тұқымды малдың жеке карточкасы болған;

2) ұрық асыл тұқымдық орталықтарда асыл тұқымды тұқымдық малдан алынған және өндөлген және асыл тұқымдық куәлігі болған;

3) әмбрион аஸыл тұқымды малдан алынған және аஸыл тұқымдық куәлігі болған;

4) аурудан амандығы және бактериялар қонбағандығы туралы ветеринариялық сертификаты болған жағдайларда, аஸыл тұқымдық деп танылады.»;

12) 18-бапта:

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртініш бөліктегі «бағалаудан өткен және бағаланған» деген сөздер «бонитирлеуден (бағалаудан) өткен» деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Асыл тұқымды малдар алынған шаруашылықтар туралы деректерді сақтау мақсатында зауытшылар туралы мәліметтер аஸыл тұқымдық куәліктерде көрсетіледі.»;

13) 19 және 23-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«**19-бап. Бонитирлеу (бағалау)**

Республикалық палатада тіркелген аஸыл тұқымды малдар уәкілетті орган бекіткен нұсқаулыққа сәйкес бонитирлеуге (бағалауға) жатады.

Бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген аஸыл тұқымды малдарды аஸыл тұқымдық мақсаттарда өткізуғе жол берілмейді.

Бонитирлеуді (бағалауды) бонитерлер (сыныптаушылар) жүргізеді.»;

«**23-бап. Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы**

**субъектілердің тұрлери**

Аஸыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілерге:

1) аஸыл тұқымдық орталықтар;

2) дистрибутерлік орталықтар;

3) бонитерлер (сыныптаушылар);

4) техник-ұрықтандырушылар;

5) әмбриондарды транспланттау (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар;

6) республикалық палаталар жатады.»;

14) 24 және 25-баптар алып тасталсын;

15) 26-баптың 1-тармағының 6) тармақшасындағы «жүзеге асыру;» деген сөздер «жүзеге асыру болып табылады.» деген сөздермен ауыстырылып, 7) тармақшасы мен 2-тармағы алып тасталсын;

16) 27-баптағы «, сондай-ақ оларға аஸыл тұқымдық куәліктер беру» деген сөздер алып тасталсын;

17) 28-баптың 1-тармағындағы «бағалау» деген сөз «бонитирлеу (бағалау)» деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 28-1-бап алып тасталсын;

19) 28-2 және 28-3-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«**28-2-бап. Республикалық палата**

1. Республикалық палата аஸыл тұқымды малдарды өсіруді және (немесе) өсімін молайтуды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалардың мүдделерін іске асыру және қорғау үшін құрылатын және жұмыс істейтін, коммерциялық емес, өзін-өзі қаржыландыратын үйим болып табылады.

2. Республикалық палата занды тұлға болып табылады және Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген тәртіппен әділет органдарында тіркеледі.

3. Республикалық палата облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға

Құқылы.

4. Республикалық палатаның қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен және палатаның алқалы органдары қабылдаған жарғымен реттеледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағында ірі қара малдың әр түкімі бойынша ірі қара малдың тиісті түкімі жөніндегі бір республикалық палата құрылады және жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының аумағында қой шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және құс шаруашылығы республикалық палаталары қойлардың, жылқылардың және құстардың әр өнімділік бағыты бойынша біреуден құрылады.

Қазақстан Республикасының аумағында түйе шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, ешкі шаруашылығы, марал шаруашылығы (бұғы шаруашылығы), қоян шаруашылығы, аң шаруашылығы, бал ара шаруашылығы, балық өсіру шаруашылығы республикалық палаталары ауыл шаруашылығы малының әр түрі бойынша біреуден құрылады.

6. Асыл түкімді малдардың бір түкімін немесе қойлардың, жылқылардың және құстардың өнімділік бағыттары бойынша өсіруді жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша жеке республикалық палатаны құру жұмыс істеп тұрған республикалық палатаны қайта үйімдастыру немесе тарату шартымен жүзеге асырылады.

7. Республикалық палатаның кірісін (мүлкін) қалыптастыру көздері:

- 1) республикалық палата мүшелерінен жарналардың түсуі;
- 2) асыл түкімдің куәліктерді беру бойынша қызметтер көрсетуден алынған кірістер (бланкінің құны);
- 3) ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да көздер болып табылады.

### **28-3-бап. Республикалық палатаның құрылымы мен өкілеттіктері**

1. Республикалық палатаның құрылымы селекциялық және асыл түкімдің жұмысты жүргізу мен үйлестіруге бірлесіп жауап беретін алқалы органдан, республикалық палата кеңесінен және атқарушы органдан тұрады.

2. Алқалы орган – республикалық палата мүшелерінің жиналысы, ол жоғары басқару органы болып табылады.

Алқалы орган республикалық палатаны дамытудың стратегиялық бағыттары бойынша шешімдерді айқындауды және қабылдауды.

3. Республикалық палатаның жарғысына сәйкес республикалық палата кеңесін бір жыл мерзімге алқалы орган сайлайды және ол республикалық палата мүшелерінің мүдделерін білдіреді.

4. Республикалық палата кеңесі Қазақстан Республикасының заңдарында және республикалық палатаның жарғысында белгіленген құзыретке сәйкес республикалық палата қызметіне жалпы басшылықты және оны басқаруды жүзеге асырады.

5. Республикалық палата кеңесіне ғылыми-бейінді үйімдардың өкілдері мен республикалық палатаның мүшелері кіреді.

6. Республикалық палата кеңесінің тәрағасы республикалық палата кеңесі мүшелерінің арасынан сайланады және оны алқалы орган бекітеді.

7. Республикалық палата кеңесінің отырысы республикалық палата жарғысына сәйкес белгіленеді.

8. Республикалық палата кеңесі:

- 1) жұмыс регламентін айқындауды және атқарушы органдың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асырады;
- 2) республикалық палатаның бюджетін бекітеді;
- 3) алқалы органға тарифтік саясатқа өзгерістер енгізуі үсінады;
- 4) алқалы органға атқарушы директор кандидатурасын бекітуге үсінады;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайши келмейтін өзге де өкілеттіктерді

жүзеге асырады.

9. Атқарушы орган:

1) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымдық өнім (материал) мәртебесін беру (тоқтата тұру, құшін жою) арқылы асыл тұқымды мал шаруашылығының таңдалған бағытына қарай асыл тұқымды мал басын есепке алууды үйімдастырады;

2) уәкілетті орган бекіткен, малдардың асыл тұқымдық құндылығын бонитирлеу (бағалау) және олардың өсімін молайту жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес асыл тұқымды малдардың, оның ішінде асыл тұқымды тұқымдық малдардың асыл тұқымдық құндылығын айқындауды;

3) уәкілетті орган бекіткен тәртіппен асыл тұқымды өнімге (материалға) асыл тұқымдық куәліктер беруді (жоюды) жүзеге асырады;

4) импортталған асыл тұқымдық өнімге (материалға) экспорттауши елдердің құзыретті органдары берген асыл тұқымдық куәлікті немесе оған балама құжатты уәкілетті орган бекіткен тәртіппен тануды жүзеге асырады;

5) бюджет қаражаттары шегінде асыл тұқымдық өнімге (материалға) субсидиялар бөлу бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарына ұсыныс енгізеді;

6) таза асыл тұқымды малдар бойынша асыл тұқымдық кітаптарды бөлек жүргізеді және басып шығарады;

7) бонитирлеу (бағалау) туралы деректерге мониторингті жүзеге асырады және мүдделі тұлғаларға оның нәтижелері туралы хабарлайды;

8) алқалы органмен келісу бойынша тұқым стандартын бекітеді;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10. Асыл тұқымдық өнімге (материалға) мәртебе мен асыл тұқымдық куәлік беруді - республикалық палатаға мүшелігіне қарамастан, жеке және (немесе) заңды тұлғаның өтініші негізінде республикалық палата жүзеге асырады.

Асыл тұқымдық өнімге (материалға) асыл тұқымдық зауыттар, асыл тұқымдық шаруашылықтар және асыл тұқымдық репродукторлар берген асыл тұқымдық куәліктер республикалық палата осындай асыл тұқымдық өнімге (материалға) мәртебе бергенге дейін өз құшін сақтайды.».

5. «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 19, 655-құжат; 2004 ж., № 17, 100-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; 2007 ж., № 5-6, 37-құжат; 2009 ж., № 24, 129-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 16-құжаттар; № 14, 95-құжат; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-I, 19-II, 96-құжат; 2015 ж., № 7, 34-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша «рұқсат етілген», «жіберілген» және «жіберілетін» деген сөздер «ұсынылатын» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 2-бапта:

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) асыл тұқымды мал – республикалық палатада тіркелген, тұқымның өнімділік бағыты мен деңгейіне сай келетін таза тұқымды мал;

4) асыл тұқымдық өнім (материал) – асыл тұқымды мал, сондай-ақ асыл тұқымды малдан алынған ұрық, эмбриондар, инкубациялық жұмыртқа, тәуліктік балапандар, уылдырық, құртшабақтар мен жас балықтар, асыл тұқымды аналық бал аралары, асыл тұқымды бал ара ұялары және бал ара пакеттері;»;

22) тармақша алып тасталсын.

6. «Бал ара шаруашылығы туралы» 2002 жылғы 12 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 5, 55-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12,

111-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 19-І, 19-II, 96-құжат):

1) 1-баптың 2) тармақшасы алып тасталсын;

2) 17-баптың 2 және 3-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Бал араларының тұқымдарын сақтау және жақсарту мақсатында жеке және занды тұлғалар бал аралар мекендейтін ареалдарда таза тұқымды асыл тұқымды бал араларын өсірумен және өткізумен айналысатын шаруашылықтарын құра алады.

3. Шаруашылықтардың төңірегінде жеті километр радиуста қорғау участкелері белгіленеді, олардың аумағына басқа тұқымды бал аралар мен аналық бал араларды, сондай-ақ шығу тегі белгісіз бал аралар мен аналық бал араларды әкелуге тыйым салынады.».

7. «Тұқым шаруашылығы туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан

Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 16-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 24, 148-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 14, 92-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 10, 52-құжат; № 19-І, 19-II, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) заң жобасының бүкіл мәтіні бойынша «рұқсат етілген» және «жіберілген» деген сөздер «ұсынылатын» деген сөзben ауыстырылсын;

2) 6-баптың 1-тармағында:

11-1) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

«13-1) табиғи-климаттық жағдайлар бойынша қолайсыз жылдарда облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқаруыш органдарының өтініштері негізінде тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген тұқым сапасының көрсеткіштерін бір жылдан аспайтын мерзімге төмendetуді келіседі;»;

3) 6-1-бап мынадай мазмұндағы 10-2) тармақшамен толықтырылсын:

«10-2) тиісті аумақта тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асырады;»;

4) 13-бапта:

1-тармақтың 2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Занда белгіленген тәртіппен егу сапасына сараптамадан өтпесе;

3) гендік инженерия (генетикалық жағынан түрлендірілу) негізінде алынса, оларды өткізуге және егу (отырғызу) үшін пайдалануға тыйым салынады.»;

2 және 2-2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Сұрыптық және егу сапалары бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін тұқымдарды өткізуге, сондай-ақ егу (отырғызу) үшін пайдалануға тыйым салынады.»;

«2-2. Осы Заның 6-бабы 1-тармағының 13-1) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен келісу бойынша тұқым шаруашылығы саласындағы ұлттық стандарттарда және стандарттау жөніндегі өзге де нормативтік құжаттарда белгіленген көрсеткіштерге қарсы төмendetілген сапа көрсеткіштері бар ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің тұқымдарын өткізуге және егу (отырғызу) үшін пайдалануға жол беріледі.»;

3 және 4-тармақтар алып тасталсын;

5) 14-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тұқым өндірушілер тұқым өндіру көлемдерін өз бетінше айқындауға құқылы.»;

2-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

6) 19-баптың 2, 3, және 6-тармақтары алып тасталсын.

8. «АгроОнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., № 13, 52-құжат; 2007 ж., № 5-6, 42-құжат; № 18, 145-

құжат; 2008 ж., № 23, 124-құжат; 2009 ж., № 17, 82-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; № 14, 94-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 9, 51-құжат; № 14, 72, 75-құжаттар; 2014 ж., № 2, 10-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; № 22, 131-құжат; № 23, 143-құжат; 2015 ж., № 11, 52-құжат):

1) 1-баптың 13) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«13) ауыл шаруашылығы өнімі – бал ара шаруашылығын қоса алғанда, өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының, оның ішінде органикалық өндіру арқылы алынған шикізаты және өнімі, сондай-ақ оларды бастапқы қайта өңдеу арқылы алынған өнімдер;»;

2) 3-баптың 1-тармағы 4) тармақшасындағы «жасау болып табылады.» деген сөздер «жасау;» деген сөзben ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

«5) органикалық өнім өндіруді дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.»;

3) 5-бапта:

1-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы үйымдарға субсидияланатын қосылған құн салығы сомасының мөлшерін айқындау үшін қолданылатын, жеке қосалқы шаруашылықтан сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің нақты көлемінің нормаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) органикалық өнім өндіру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу және олардың жүзеге асырылуын үйымдастыру;»;

4) 6-баптың 1-тармағында:

41-3) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 41-7) тармақшамен толықтырылсын:

«41-7) бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық үекілетті органмен келісу бойынша ауыл шаруашылығы малдарының табиғи кему (өлу) нормаларын бекіту;»;

5) 11-бапта:

2-тармақтың 8-4) тармақшасы алып тасталсын;

5-тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасы және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1) тірі ірі қара малды;»;

«Осы тармақты қолдану мақсатында өнім түрлерін айқындау (осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген өнім түрінен басқа) техникалық реттеу саласындағы үекілетті мемлекеттік орган бекіткен Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім сыйыптауышына сәйкес жүзеге асырылады.»;

6) 16-1-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

9. «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Занына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 17, 133-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 2, 16-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 19-І, 19-ІІ, 96-құжат; № 23, 143-құжат):

1) 1-бапта:

мынадай мазмұндағы 22-1) тармақшамен толықтырылсын:

«22-1) органикалық тамақ өнімі – өзінің құрамында органикалық өнім өндіру қағидаларына сәйкес алынған тамақ ингредиенттерінің кемінде тоқсан бес пайызын қамтитын, түпкілікті өнімде қалған ингредиенттердің барынша көп құрамы барлық ингредиенттер массасының (ас тұзы мен суды қоспағанда) бес пайызынан аспайтын қайта өңделген тамақ өнімі;»;

27) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«27) тамақ өнімдері – шикізат, тамақ өнімдері, органикалық тамақ өнімі, арнайы мақсаттағы тамақ өнімі, ауыз су, адам тұтынатын тамақ қоспалары және тамаққа биологиялық

активті қоспалар, адам үшін тاماқ көздері болып табылатын жануарлар пайдаланатын азық және азық қоспалары;»;

2) 6-бапта:

1-тармақтың екінші абзацы «қауіпсіздігін» деген сөзден кейін «және Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасына сәйкестігін» деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта:

3) тармақшадағы «Қазақстан Республикасының санитарлық-эпидемиологиялық қадағалануға тиісті» деген сөздер «санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын, Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы және» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшада:

үшінші абзац «тиіс» деген сөзден кейін «, органикалық өнім өндіру саласындағы және» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзац «Қазақстан Республикасының» деген сөздерден кейін «органикалық өнім өндіру саласындағы және» деген сөздермен толықтырылсын;

7) тармақша «тиісті» деген сөзден кейін «, Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін органикалық өнімді және» деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақша «Қазақстан Республикасының» деген сөздерден кейін «органикалық өнім өндіру саласындағы және» деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақтың 1) тармақшасы «регламенттердің» деген сөзден кейін «және Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасының» деген сөздермен толықтырылсын;

3) 10-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

«8-1) органикалық тاماқ өнімін Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде органикалық өнімнің үлттық сәйкестік белгісімен таңбалалауға;»;

4) 16-баптың 2-тармағы «13-бабының 3-тармағында» деген сөздерден кейін «және 26-1-бабында» деген сөздермен толықтырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 26-1-баппен толықтырылсын:

**«26-1-бап. Органикалық тاماқ өніміне қойылатын арнайы талаптар**

1. Органикалық тاماқ өнімін өндіру Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндіру саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Органикалық тاماқ өнімі осы баптың 1-тармағында белгіленген талаптар сақталған кезде ғана органикалық өнімнің үлттық сәйкестік белгісімен таңбаланады.».

10. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 9, 43-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат; № 21, 122-құжат; № 22, 128-құжат; № 23, 143-құжат):

25-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) егер өнім Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес органикалық өнім болып табылса, оған жатқызу туралы мәліметтерді;».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*

*H. Назарбаев*